



Тақырыбы: Медициналық техника

Орындаған: Танабаева А.

Тексерген: Жакипбеков Қ. С.

Факультет: Фармация

Курс: 5

Алматы 2016ж

Жоспары:

- Медициналық техника
- Медициналық техниканың дамуы
- Медициналық техниканың топтары
- Дәрілік заттар мен медициналық техника қандай жағдайларда сақталуға және тасымалдануға тиіс?
- Ақтөберентген

Медициналық техника

- Медициналық техника^[1] - аурудын алдын алу, диагностика жасау, емдеу және сауықтыру мақсат-тында, сонымен қатар санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы шараларды орындау, дәріханаларда дәрілер дайындау барысында пайдаланылатын техникалық заттардың жиынтығы.

Медициналық техниканың дамуы

Медициналық техниканың дамуына ықпал ететін жағдайлар:

- ғылыми-техникалық ілгерлік;
- әлеуметтік-экономикалық өзгеріс;
- медицина мен денсаулық сақтауда жаңа түсініктердің пайда болуы.
- Электронды-есептеу техникасының, кибернетика және информатиканың дамуына байланысты организмнің жағдайын өңдеп және анализ жасап, ақпарат бере алатын микропроцессорлар орнатылған техникалық заттар және жекелеген дене мүшелерінің қызметін атқаратын құрылғылар пайда болды.

Медициналық техниканың топтары

Медицина салалары бойынша дамыған медициналық техникалық құрылғылар:

- интроскопия құрылғылары мен құралдары (Рентгендік, эндоскопия);
- жүрек қағысын тексеру құрылғысы;
- мидағы биоэлектрлі құбылысты зерттеу құрылғысы;
- бұлшық ет жағдайын тексеру құрылғысы;
- асқазан қызметін тексеру құрылғысы;
- тыныс алу жүйелеріне арналған құрылғы;
- жарықпен емдеу құрылғылары;
- сумен емдеу құрылғылары;
- хирургиялық құрылғылар;
- ультрадыбыстық диагностикалық құралдар;
- зертханалық диагностикаға арналған құралдар (автоанализаторлар, микроскоп);
- аса тиімді терапиялық құрылғылар - электірілі ынталандырғыш;
- ультрадыбыстық және механикаландырылған терапиялық техника;
- гемосорция және гемоперфузия техникалары;
- стоматологиялық жабдықтар

ЭКСТРАКАРПОРАЛДЫ
ҚҰРАЛДАР

ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ
ПРОЦЕСТЕРДІ
ТІРКЕУ ҮШІН

ЖАУАП РЕАКЦИЯСЫН
ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ

ОПЕРАЦИОНДЫ ТЕХНИКА

БИОӨЛШЕУШІ

МЕДИЦИНАЛЫҚ
АППАРАТТАР МЕН
ҚҰРАЛДАР

АҚПАРАТ ӨНДЕУШІ


АНАЛИТИКАЛЫҚ

ТЕРАПЕВТИКАЛЫҚ ӘСЕР
ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ

АУРУХАНАЛЫҚ
ТЕХНИКА

Дәрілік заттар мен медициналық техника қандай жағдайларда сақталуға және тасымалдануға тиіс?

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексінің 78-б. сәйкес дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес қауіпсіздігінің, тиімділігі мен сапасының сақталуы қамтамасыз етілетін жағдайларда сақталады және тасымалданады. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы уақытша сақтау қоймаларында техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сақтауға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін ұй-жайлар, алаңдар, арнаулы жабдықтар, жиһаз, мүкәммал, өртке қарсы жабдықтар, аспаптар болуға, сондай-ақ уәкілетті органның рұқсаты болуға тиіс. Дәрілік препараттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарамдылық мерзімін ұзартуға тыйым салынады.

- 
- **Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы күшін жойған**
 - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 маусымдағы № 529 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 15 Қаулысымен

3. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сәйкестендіру:

- 1) көзбен шолып қарау;
- 2) атаудың ұқсастығын белгілеу;
- 3) КО СЭҚ БТН кодтарын белгілеу;
- 4) медициналық техниканың қаптамасында, ыдысында, затбелгісінде, жазба белгісінде, маңдайшасында, пайдалану құжатында берілген ақпараттар және тұтынушыға арналған медициналық мақсаттағы бұйымдарды қолдану жөніндегі нұсқаулықтар арқылы жүргізіледі.

2-тарау. Қауіпті факторлар (қауіптер)

5. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың өмірлік циклі үдерісінде туындайтын қауіпті факторларға (қауіптерге) мыналар жатады:

- 1) сериялы және жаппай өндірістің конструкциясының, технологиялық үдерістердің немесе өнімінің бақылау жүйелерінің жетілмеуі;
- 2) өндірісте рұқсат берілмеген материалдарды қолдану;
- 3) қолдану үдерісінде сапалық сипаттамаларын жоғалту;
- 4) нақты ақпараттың болмауы.

3-тарау. Қазақстан Республикасы нарығында медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар айналысының шарттары

6. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар айналысының нарықтағы негізгі шарттары осы Техникалық регламентте белгіленген талаптарға сәйкес келуі болып табылады.

7. Мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген;
- 2) қолдану немесе пайдалану мерзімі өткен;
- 3) осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес емес;
- 4) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды уақытша сақтау қоймалары арқылы;
- 5) тұтынушыға арналған анық және толық ақпаратсыз (таңбалау, медициналық техниканың пайдалану құжаттары, медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өткізуге рұқсат берілмейді.

6-тарау. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың сәйкестігін растау

- 77. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

78. Шетел мемлекеті берген сәйкестікті растау саласындағы құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес танылады.

79. Сәйкестікті міндетті растау мынадай:

 - 1) сәйкестік туралы декларацияны өндіруші (дайындаушы) ұйымның қабылдауы;
 - 2) міндетті сертификаттауды жүргізу нысандарында жүзеге асырылады. Сәйкестікті міндетті растауға жататын медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесі осы Техникалық регламентке 2-қосымшада келтірілген.

Сәйкестік туралы декларациямен сәйкестігі расталуға рұқсат етілетін өнімдердің тізбесі осы Техникалық регламентке 3-қосымшада келтірілген.

Дәрілік заттардың, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың бөлшек саудасының ережелерін бекіту туралы.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 11 ақпандағы N 20 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 12 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2736. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 16 қарашадағы N 711 Бұйрығымен

Дәрілік заттардың, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың көтерме саудасының ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің 2004 жылғы 11 ақпандағы N 19 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 12 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2735. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 16 қарашадағы N 711 Бұйрығымен

Ақтөберентген

Ақтөберентген акционерлік қоғамы — медициналық және өнеркәсіптік рентген аппараттары мен автоматты реттеу приборларын жасайтын кәсіпорын.

- 1941 жылы Ақтөбеге көшіп келген Мәскеу рентген зауыты негізінде іргесі қаланды. Ұлы Отан соғысы тұсында зауыт бірыңғай майданға қажетті өнімдер шығарды. Бейбіт өнім өндіруге 1945 жылдан бастап кірісті.
- 1945 — 50 жылы рентген аппараттарының 9 түрін жасау игерілді. Өнім өткізу екі есе артып, өнім сапасы жақсарды, рентген тех-сын шығару 3-4 есе ұлғайды.
- 1964 жылы бұл кәсіпорынға қосылған жергілікті өнеркәсіптің “Металлист” зауыты балалар үшін ойыншықтар шығаратын бөлімшесіне айналды.

- 1967 жылы жақсы жабдықталған конструкторлық және зерттеу секторлары бар арнаулы конструкторлық бюро ұйымдастырылды. Зауыт шығарған рентген аппараттары халықар. көрмелерге қатысып, алтын, күміс медальдармен марапатталды. Зауыттың рентген аппараттарын Болгария, Польша, Югославия, Түркия, Иран, Үндістан, Ливан, Швеция, Финляндия, Латын Америкасының елдері сатып алды.
- 1980 жылы жаңа өндірістік кешен енгізілген соң зауыт аса ірі мамандандырылған кәсіпорындардың қатарына қосылды.
- 1981 жылы “Актюбрентген” өндірістік бірлестігіне айналған зауыт 1993 жылы ашық түрдегі акционерлік қоғам болып қайта құрылды.





Қолданылған әдебиеттер: